

# AQIQAT

---

Ұлттық қоғамдық-саяси журнал

---

[www.aqiqat.kazgazeta.kz](http://www.aqiqat.kazgazeta.kz) • [facebook.com/akikatkaz](https://facebook.com/akikatkaz) • [twitter.com/akikatkz](https://twitter.com/akikatkz) • [akikat-1921@mail.ru](mailto:akikat-1921@mail.ru)

---



№12  
желтоқсан  
2020

---

● *Келбет*

---



## **Абат ҚЫДЫРШАЕВ**

**педагогика ғылымдарының докторы, профессор,  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан  
университеті «Рухани жаңғыру» институтының  
директоры**

# AQIQAT

Ұлттық қоғамдық-саяси  
журнал



1921 жылғы қыркүйектен  
шыға бастады

№12  
желтоқсан  
2020

16+

• «Aqiqat», 2020



ҚҰРЫЛТАЙШЫ  
ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ:  
«Қазақ газеттері»  
Жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

Бас директор –  
Редакторлар кеңесінің төрағасы  
**Шәмшидин ПАТТЕЕВ**

Бас редактор  
**Дәуіржан ТӨЛЕБАЕВ**

Бас редактордың орынбасары  
**Дина ИМАМБАЕВА**

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

Сарбас АҚТАЕВ,  
Есберген АЛАУХАН,  
Әділ АХМЕТОВ,  
Бұркітбай АЯФАН,  
Өмірхан ЭБДИМАНҰЛЫ,  
Раушанбек ӘБСАТТАРОВ,  
Фарифолла ЕСІМ,  
Уәлихан ҚАЛИЖАН,  
Мереке ҚҰЛКЕНОВ,  
Фалымқайыр МҰТАНОВ,  
Нұрлан НЫФМАТУЛИН,  
Серік ПІРӘЛИЕВ,  
Куаныш СҮЛТАНОВ,  
Ерлан СЫДЫҚОВ,  
Кеңес ҮШБАЕВ,  
Зарема ШӘҮКЕНОВА.

«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» ЖШС-нің  
облыстардағы өкілдері:

Жанғабыл ҚАБАҚБАЕВ  
(Ақтөбе облысы) – 8-713-2-55-31-48.  
Бектүр ТӨЛЕУҒАЛИЕВ  
(Маңғыстау облысы) – 87017742141.  
Оразалы ЖАҚСАНОВ  
(Қостанай облысы) – 87772307184.



## ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ ҚЫРЛАРЫ

Түркі әлемінде де, Ұлы Дала елінде де, Еуропа төрінде де бірегей даналардың дуалы аузынан шығып, ұрпағына мирас болып қалған құнды ойлардың құллісі сөз құдіреті арқылы берілетіні мәлім. Ал даналар дүниеге келтірген құндылықтардың бірден-бір заңды мұрагері – сол халықтың өзі. Демек, халық даналығы – ұлттық сана межесі, ой-өріс тұнбасы. Олай болса, халық даналығы – тілінде. Тексіздік – тілсіздіктен. Егер де тіл мүмкіндігі шектеліп, сөз байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жетіспей жатса, даналық ой-пікір де шарықтап дамымақ емес. Ендеше даналықты білдіретін түйін-тұжырымдар, ұғым-түсініктер сапына аталы сөз, макалмәтел, қанатты сөз, нақыл сөз, шешен сөз, өситет сөздерді қосар едік. Бұлар – даналық пен парасаттылықтан туындаған терен ой, логикалық тұжырым, философиялық толғаныс, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлім көріністері, көркем сөзбен көмкерілген қалыптасқан тіркес, шағын мәтін, қыска да нұсқа ой үзіктері.

Жақсы сөз – жарым ырыс. Жақсы сөз айту – жоқтан барды құрастыру, тындаушының құлағына әйтеуір бір жағымды сөз тауып айту емес, тындаушының тағатсыздана тосқан асыл арманына сәйкес, діттеген ойына сай, мақсат-мұддесін дәл тауып, тап басатын, көнілін көтеріп, сезімін сергітетін, құпия сырдың кілтін тауып айта білу. Халқымызда жақсы сөз естісек, «аузыңа – май, астыңа – тай!» деп жатуы тегін емес. Бұл ретте мақал-мәтел – көркем сөз өнерінің көрнекті өрнегі, ұлт рухының құдіретті күші, асыл сөз – қоненің көзіндегі сирек айтылатын, ашы да болса шынайы шындыкты баяндайтын, мағына-мәні терен, ақыл-парасатпен өрілген өнегелі сөз, билер сөзі – қуатты да қанатты, ақыл да нақыл сөздер, нақыл сөз – өнеге, өситет ретінде айтылатын аталы сөз, шешендік сөз – ділмәр адамдардың әр кезде түрлі жағдайтарға байланысты тауып айтқан, нысанасына да дөп тиіп жататын ұтымды, өткір, ақылды да ғибратты өситет сөздері, атала сөз – түркі әлемінде «мақал-мәтел» мағынасында ең алғаш қолданылған және халық даналығының корланы

қалыптасуына ұйытқы болған байырғы атаулар. «Атала сөзге арсыз ғана қарсы тұрады» деуіміз тегін болмаса керек-ті. Ал қанатты сөз – қоғамдағы әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи жағдайларға байланысты айтылған және сол сәтте жұртшылық құлактанып, қарапайым халық арасына тез тарап, елдің рухын көтеріп, патриоттық сезімін оятатын ұтымды да әсерлі қалыптағы жалынды сөздер, өситет сөз – өмірде көп жасап, көпті көрген, алған тәлімі мен тәжірибесі, тағылымы мол қазыналы қарттардың кейінгі жас үрпаққа арнап айткан мәнді де мағыналы ақыл-кеңестері, көсем сөз – ойшыл да дана, білгір де білікті, парасатты да ақылман адамдардың, сөз бастаған шешендер мен топ бастаған көсемдердің дуалы аузынан туындалап, қалың жұртшылық арасына кең тарап, санаасына сініп жиі айтылып жүретін ақыл-нақыл, бағдарлы да мақсатты ой түйіндері, тәмсіл – мақалға да, мәтелге де жакын әрі ұксас, бірақ екеуінен де өзіндік айырмашылығы бар кіші жанрға тән тұракты тіркестердің бірі. Қыскасы, бұлар – халық даналығының алтын коры, рухани байлығымыздың қайнар көзі. Ал осыншама халықтық құндылықтың асып-төгіліп жатқан мол мұрасын сол қалпында жер-жаһанға паш етіп тұрған ана тіліміздің құдіретті күші мен сөз байлығы, көркем де бейнелі өрнегі. Демек, халық даналығының ұйытқысы – оның тілінде, сөздің құдіретті күшінде (*Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу)*. Алматы: «Тоганай Т» баспасы, 2004.-15-23-бб.).

Ал шешендік, шешендік сөз, шешендіктану дегеніміз не? Біздіңше, шешендік – сөйлеген сөзге тындаушылардың ешбір киналысыз құлак қоюы ғана емес, сондай-ақ айтылған мәселелеге ерекше ынта-ықылас танытып, тақырып байыбына терен бойлауға ұмтылысының оянуына тұрткі боларлықтай сөз екшей білу өнері. Бұл ретте ол барлығының тізгінін өз қолына алған, күллі өнердің қасиет-күшін өз бойына жинақтаған ілім саласы деуге әбден сыйымды. Шешендік сөз

– қоғам мен оны басқару туралы ілім. *Шешендейк* – көшбасшылық негізі. *Шешендейк сөз дегеніміз* – белгілі бір мәселені ауызша талқылау, белгілі бір ойдың ақиқаттылығын түсіндіру де. *Шешендейк өнер* – ауызша тұрдегі әдеби шығармашылық та. *Шешендейктің мәні* тек шешендерде ғана емес, қалыптасқан жағдайға да байланысты. *Шешендейк сөздің әкесі* – шешен, анасы – аудитория, тек аудитория ғана қалыпта келтіріп, жан бітірмек. Сондай-ақ, *шешендейк өнер* – көрген-білгенді көкейге тоқып кеп үйренуді тілейтін, үнемі айтыстартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы қол жететін өнер. *Шешендейк өнер* – қай заманда, қандай қоғамда болса да, қауымға, көпшілікке үлкен әсер ететін, оның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын қуатты құрал, күні бүгінге дейін құдіретін, қасиетін жоймаған өнер. *Шешендейк сөз* – халық даналығы, ақыл-ойдың құймасы, әдеби тілдің бастауы. *Дәстүрлі шешендейк сөздер* – белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық қабылдап, жиі қолданып, сөйлемдік құрамы қалыптасқан жүйелі, үлгілі сөздер. *Шешендейк сөз* – оқыс айтылған ойларға қисынды әрі жедел жауап кайтару. Көп ойлану, найқалу шешендейкке жараспайды. *Шешендейк сөз* суырып салма ақындықпен де туыстас. Десек те, жалпы *шешендейк өнер* тек шартты түрде ғана өнер делінеді, ал шын мәнісінде, бұл – бойында бұған қатысты аса қажетті белгілері жоқ болса да, әрбір адам игере алатын басым дәрежедегі шығармашылық іс-әрекет те. Әрбір сауатты адам үздіксіз де қажырлы, мақсатты да ұмтылысты еңбектің нәтижесінде шешендейк өнер негіздерін, яғни, аудитория алдында түсінкті де қызығылдықты және иланымды сөз сөйлеу білігін әбден менгере аларын да жоққа шығармалық (*Қыдыршаев А.С. Шешендейктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография.- Алматы. 2000-270 б.; Қыдыршаев А.С. Шешен –лектор профессиограммасы.- Орал: БҚМУ баспасы, 2004.-56 б.*).

Ғұламаларға сүйене ой түйер болсақ, Платон пікірінше, *шешендейк* – сендірудін шебері, оның бар мәні де, міндеті де осында. Ал Аристотель *риторика міндетіне* сендіру емес, әрбір накты жағдайларға сәйкесті сендіру амалдарын

таба білу енетіндігін айтады. Ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің пайымдауынша, егер де диалектика тек шынайы білімге негізделген қисынды дәлелдер арқылы тұжырымдалатын ой қорыту тәсілі болса, *риторика шешендейк қисынға*, ой-пікір жүйелігіне, ұфымдар үйлесіміне негізделеді. Ахмет Байтұрсынұлының түйіндеуінше, шешен сөз мақсаты – негізгі пікірді баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап түсіндірумен қоймай, пікірге наңдыру, сендіру, ұйыту, балқыту, иман келтіру. М.Сперанскийше, *шешендейктің негізі құштарлықта, сезімділік мәнісінде. Шешендейктің басты қагидалары – жүрекке әсер етіп, ақылды бағындыру. Ф.Честер菲尔дше, шешендейктің түп мақсаты – адамдарды иландыру.* (*Қыдыршаев А.С. Шешендейк тағылымы. Орал, 2006.-7-15-б.б.*).

Қазактың көне тарихындағы, көркем әдебиетіндегі шешен-білерді (Майқы, Кетбұға, Асан қайғы, Жиренше, Төле, Казыбек, Әйтеке, Сырым) түгел түптеп білу, мұраларына үңілу, керегінше пайдалану да жас үрпакқа қажетті қағида. Шешендейк өнердің туып, қалыптасуы қоғамның пайда болуымен байланыстылығы туралы пікірді казак шешендейк өнерінің даму тарихы да дәлелдейді. Демек, казак халқының зор мақтаныш боларлық мәдени бай мұраларының мол саласы – әдебиет мұрасы. Философиямен қабысқан терен ой-пікірлер арнасынан асқан ақыл, сезімді сергітіп, жүрек тербеткендей қажырлы қайрат, екпін, ынта, аңсаған әділдік, бой шымырлатып, жүйе босатарлықтай сөз – осылардың бәрі қазақ халқының ауыз әдебиетінің асылдығын көрсететін қасиеттер. Сол себептен де «Өнер алды –қызыл тіл» дейді қазақ мақалы. Қазақ халқы адам баласының қоғамдық қатынасының ең маңызды құралы сөзді өте жоғары бағалай білген. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, орынды айтылған жаксы сөздер отыз тістен шығып, рулы елге жайылған, көпке өнеге болған. Мұндай жүйелі сөздер ауыздан-ауызға көшіп, атадан балаға ауып, біздің заманға да жеткенін көреміз. Қазақ халқының ғасырлар бойы сакталып келе жатқан ауыз әдебиеті – түпсіз бұлак, бітпес мол қазына. Қазақ халқының мәдени мұрасының ішінде көпке дейін ойдағыдай еске алынбай, зерттеу жағынан кенже қалып

## Абат ҚЫДЫРШАЕВ. Шешендік өнердің қырлары

келген өткендеңі ұлы сөз аталарының, айыр көмей, темір жақ шешендерінің қамал бұзарлықтай қаһарлы, жүйе босатарлықтай жылы сөздері, өмірді кеңінен алып, заманында кемеліне келтіре сейлеген би-шешендердің ескіден қалған нақыл сөздері қазақтың ауыз әдебиетінен көрнекті орын алады. Шешендерден қалған мұндай шебер сөздер, бір жағынан, қазақтың елдік, қоғамдық өмірінің күллі қырларын елестететін айнасы болса, екіншіден, халықтың ой-пікірінің, сана-сезімінің, жалпы дүниетанушылық қозқарасының арнасын, жеткен кемелін көрсетеді. Әділетті сағалаған шешен-билердің, ақыл айтқан қадірлі ақсақалдардың атақтарын іргелі қазақ еліне әйгілі еткен – олардың ұлт атынан, іргелі ел, аймақ атынан айтқан шешен сөздері, әділ биліктегі, өмірдің өзгешеліктерін ақылға салып, өлшей айтқан болжал сөздері. Бұл тұрғыдан келгенде, от ауызды орак тілді шешен-билеріміз – ұлт көшбасшылары.

Қазак ауыз әдебиетіндегі, фольклорындағы ауызша айтылған сөздердің иесі бары, айтушының аты белгілісі, тек осы шешен-билер сөздері ғана. Аталы сөздері іргелі елге жайылып, шешендік данқтары талай заманды басып өтіп, өзгермей, өшпей, мұра болған ақылгөй адамдар қазақ халқында жүзден саналады. Өз басы ғана емес, сөзге жүйрік болған аталарын былай қойғанда, түү ата тегінен бері қарай, тұқым қуалап, төнірегінің көбі шешендікке ие болғандардың өзі сан алуан. Бізге сөздері жеткен шешендердің көпшілігі қазақ хандығы орнағаннан бастап көрінеді. Демек, қазақтың ұш жүзіне ортақ, сонау әріден келе жатқан Асан қайғы, Жиренше шешен, Сыпира жыраулар – өткенде өрнектей ойына тізіп, кезеңін кеңінен қамтыған, келешекті болжағыш, нағыз самғаған саңлақтар. Шешендіктегі шешеннен асып, батпан бұлды сөздері еттен өтіп, сүйекке жетіп, жазықтыны жанынан түңілдірген сөз иелерінің атақтары Алтын орда хандығы ыдырап, қазақ хандығы ерекшеленген замандардан бері қарай анықтала бастайды. Сол тұстағы халық абырайына ие болған дүлдүл қазақ шешендерінің қай-қайсысы да екі ауыз аталы сөздерімен ердің құнын, рулы елдің ісін бітірген деседі. Ендеше, қазақ халқының ертедегі елдік мәні бар

істерінің бәрі осындағы аталы сөз айтқан көсемдерінің алдына келіп шешілетін болған, шешендердің айтқан құнарлы сөздеріне жұрт бағынатын болған. Бұл сөздерді мазмұн жағынан алып қарасақ, өмірді кеңінен шолып, тереңнен қамтығаны байқалады. Мұндай шешендер аз сейлем, көп айтқан. Естіген, білгендерін көнілге көп түйіп, сөздерін көпке бірдей әділдікке сүйей, тұжырымды етіп, тәлім-тәрбиелік мәнін өсіре, жауыздықтан аулақтата, жаксылықты ұлғі ете, сөз тыңдаушыларды жетелей сөйлеген. Көптің басына қауіп төніп, ел шетіне жау тақалған замандарда, болмаса ел мен ел егесіп, қару күшін сарқып, көп есеге салған құндерде, не болмаса хандардың қаталдығы, білегі жуан белділердің әділетсіздіктері шектен асып, қауымның қабырғасына батқандай кездерде, шешен билердің елдік мәні бар ем сөздері ондайларға тойтарыс беріп, енді қайтып беттептейтін болған. Өз Жәнібек, Өз Тәуке замандарын былай қойғанда, қазақтың етек-жөні біркелкі жиналып, іргелі ел болған кезі Абылай хан заманы болса, ол кезең қазақ халқының тарихында өзгеше көрінеді. Ақылды Абылай елдің ақылгөйлерін төнірегіне жинап, елеулі іс істеуге ұмтылған. Ол кездерде қазақ халқының байтақ жер-суы мен байлығы сырт дүшпандардың тынышын ала берген. Қазақ елі талай жауларымен жағаласып, көп киыншылыққа кездесіп отырды. Сол құндерде елге ақылшы болып, батырлармен бірге елдің елдігін, бүтіншілігін, намысын корғасқан да осы сөз иелері – шешен, билері. Өз Жәнібек заманында қазақта екі-ак түрлі кісі болыпты: бірі – батыр, бірі – би деу де осыны дәлелдейді. (Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың гылыми-әдістемелік негіздері. Монография.- Алматы. 2000. -47-58-б.б.).

Халық тарихында шешендік сөздер ас жиындарда, жәрменкеде айтылатын даутартыс, ақындық, шешендік айтыстармен ғана шектелмеген мәлім. Бұл орайда көпті көрген данагей қариялардың ұлғілі, өнегелі, ақыл-нақыл, үгіт-насихат, әзіл сөздері де мол. Дегенмен де шешендік сөздердің қайсысы кай уақытта шығып, қалай қалыптасқанын кесіп-пішіп айту да онай емес. Мәселен, ежелгі грек тарихында шешендік өнердің өсіп-өркендеуіне атақты Солон заңы бірден-

бір себепкөр болғаны мәлім. Ежелгі Афиннің мемлекеттік қайраткері әрі ақыны Солонның (б.ғ.д. 638-558 ж.) құлдық пен сот істерін демократиялауға бағытталған әлеуметтік реформалары «Солон заңы» делінген. Солон заңы бойынша Афиннің әрбір азаматы өз мүддесін қорғауға тиісті болған. Ал бұлай істеу әркімнің қолынан келе бермейтіні де аян. Осыдан келіп сот алдында айтылатын сөзді алдын ала жұптайтын, даярлайтын логографтер – сөз жұптаушылар пайда болған. Ал дау-талап мәселесін қарайтын қазақ қауымындағы ежелгі әдет заңы («Жеті жарғы» іспетті) гректің Солон заңына ұқсастырылады. Демек, қазақ қауымында ертеден қалыптасқан ел ішіндегі дау-жанжалды мәмілемен шешіп реттеудің халықтық тәсілі дәстүрлі шешендік өнердін дамуына әсер еткен. Афин азаматтарының шаршы топ алды өз көзқарастары мен саяси мақсаттарын баяндау қажеттігі шешендікпен арнайы шүғылдануды керек еткені сияқты халық алдында талқыланатын дау-жанжал, билік-бітім сөздерде женіске жету үшін қазақ билерінен халықтың салтсанасын, әдет-ғұрпын жетік білumen бірге ойға ұшқыр, тілге шешен болуды талап еткен. Демек, қазіргі таңдағы ұлт көшбасшыларының тұлғалық касиеті осы аталған белік-дағдыларымен де ерекшеленбек.

Қысқасы, көшбасшылыққа тән қазақ шешендік өнерінің тарихи тармактары сан қатпарлы. Ұлттық шешендік өнерінің тарамдарын білу – бұгінде ұтқыр ойлы, шешен тілді көшбасшы ұрпак тәрбиелеудің кепілі де. Халқымыздың сөйлеу өнеріне қай кезенде де ерекше мән бергені аян. Ал қазіргі таңда тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті көшбасшы тұлғаларға қоғам қажетсінуі айқын аңғарылуда. Қайта оралған «тиімді коммуникация жағдайы мен формасының құралы» шешендіктану (риторика) ғылымы қоғамдағы сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеру мен көшбасшы шешен тұлғаларды баулу, қалыптастыру мәселесін шешу жолдарын ұсныну тиіс. Ал әлемдік шешендіктану ілімінің бір тармағы қазақтың шешендік дәстүрін, әлеуметтік феномен тұрғысынан таразылағанда, белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда, қалай да бір адами оқиғаға

байланысты қалыптасып, айрықша тапқырлықпен, сурыпсалмалықпен, көркем тілмен айтылатын озат ойлар мен тәлімді тұжырымдар үрдісі болмақ. Ал қазақтың от ауызды орақ тілді көшбасшы шешен-билер мұрасының тағылымын рухани байлығымыз ретінде кейінгі ұрпаққа қалай дәріптел, оның тереңдігіне, тұнғиғына қалай бойлап жүрміз? Мәселен, қазақ халқы шешендік мұрасының көшбасшы жас атаулыға жұғысты болар өнегелік-тағылымдық бір қыры – сөздің құдіретті құшке ие екендігін аңғартуы, сөздің өзіндік бояуы, дәмі, адам сезіміне әсер етерлік қоныр исі бар екендігін, ал оның күші дауыс ырғағы арқылы берілетіндігін танытуы. Демек, дауыс үнділігі – сөйлеушінің сан қырлы қалтарысты іірімдерін танытатын басты құрал да. Шаршы топ алды қарсыласынан сескенгендер ол құралды орынды колдана да алмайды, дірілдеп, жарқыншакталып шыққан дауысынан сенің кім екенің де танылмақ. Мысалы, халық шежіресінде Қазыбек бидін қалмак ханы Қонтажыға айтқан сөзінің аса байсалдылықпен айтылатынын, әр сөздің үні сазды шығатынын, онда асып-сасудың, мұдірудің жоқтығын білеміз. Бұл байсалдылықпен, қоныр үнділікпен, ешбір кідіріссіз екпіндете шыққан дауысынан жауы оның психологиясын біліп отыратындығын байқаймыз. Онда Қазыбектің ерлігі, қайсарлығы сезілумен қатар, достық құшагы да ұғынылады. Шешен сөзі қарсыласының жан жүйесін босатып тастайды, абдыратып жібереді, бірак өзі ықшам, белі бекем буылған, өлісерге баруга бел байланған, серттен ауытқу сезілмейді, қарсыласын ойнан жаңылыстырып, құмықтырып тастайтыны ангарылады.

Шешендік – Ұлы Дала елі тектілігінің айқын белгісі. Ұлт шешендігінің көшбасшылық өнегелік тағылымы тұнғиғық терең. Шешендік негізі – ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздерді әдемі тізбектеп оралымды орналастыру, тиімділігін қүшейтіп, қисынды ойға сыйғызыуды аңғартуы; сөзбен тоқтату, сөзден жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсірудің орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізу, яғни, қарсыласынды ұтымды сөзінмен, тапқырлығынмен, шешендігінмен илтеп білу онай шаруа

## **Абат ҚЫДЫРШАЕВ. Шешендік өнердің қырлары**

еместігін, сөзсіз, бұл ойлау қабілетіңде байланыстылығын, шаршы топ сенің тәкпектеп, ешбір мұдірмей сөйлеуіңе тәнті боларын, ұшқыр ойлы қалыпта сейлей алатын адамның колынан кесімді істің де келері дау туғызбайтындығы; тұспалдағ сөйлеуге, мегзеуге, бернелеуге, символдауға, басқаны айта отырып, нені нысаналап отырганын жасыра айтуға, жұмбактап айтуға, яғни, терең зейінділік пен ойлылыққа төсөлтүі; астарлап сөйлеу халқымыздың сөйлеу мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де таныттын, ойлау қабілетімізді аса терендестер құбылыс екендігін анғартуы; тапқырлыққа, шашаңдыққа, тез жауап берушілікке баулуы; өзгені тыңдауға, өзгенің өнегелі ісінен тағылым алуға жөн сілтеуі.

*Шешен сөйлеуге баулу – парыз іс.* Бұғынгі Ұлы Дағында, туған жерімізде қазақ тілі мемлекеттік мәртебе алып, ана тіліміздің қоғамдық қызметі жоғарылаған кезеңде шешендік сөздің әлеуметтік мәнін ұғындыру ісі және мемлекеттік тілде шешен сөйлеу мәдениеті мәселесі аса өзекті. Ал жас тұлғаларды шешен сөйлеу мәдениетіне баулу ісі – өз алдына мән-мағынасы зор мәселе. Демек, қазіргі таңда шешен, шешендік өнер, риторика, шешен сөйлеу мәдениеті дегеніміз не, шешендікке қойылатын талаптар, қағидаттар қандай, қазақ шешен-билирінің, шешендік сөздердің тағылымы неде, шешендікке баулу амалдары қандай тұрғысындағы мәселелер турасында да жан-жақты ойланып, шешендік өнер жайындағы сәбектерді елекten өткізіп, шешендікке катысты материалдарды екші қарап, жоғары және орта мектеп не болмаса колледж, интеллектуалды мектеп, лицей, гимназия сынды білім орталарының студент-шәкірттеріне шешендікті арнайы пән ретінде оқытууды ритор-мамандарымыздың дұрыс мағынасында қолға алуы – ұрпак алдында парыз іс.

Әлемдік шешендіктану ілімінің тарихи теориясы мен технологиясын таразылағанда түйгеніміз тоқсан тарау. Бірі – ежелгі Римде, көне гректерде, араб, ұнді, қытай жерлерінде риториканың басты пәндердің бірі ретінде жүргізілгендей, соған сәйкес ғылыми он көзқарастың қалыптасқандығы. Мәселен,

бір ғана Римдегі шешендіктануға арналған мемлекеттік мектептің негізін салушы Марк Фабий Квинтилианның 12 томдық «Шешендік өнер тәлімі» еңбегі неге тұрады. Сондагы басты себеп – ел көшбасшыларын, замана зангерлерін, қоғам қайраткерлерін, жалпы жас тұлғаларды, кәсіби мамандарды сапалы даярлаудың шешен сөйлеусен тікелей байланыстылығына анық көздің жетуі.

Жоғары оку орындарында шешен сөйлеу мәдениетіне баулудағы мақсаттардың бірі – теориялық және қолданбалы пән ретінде шешендіктану турасында жүйелі ұғым қалыптастыру, түсінік беру. Сол арқылы болашақ педагог-психолог, филолог, зангер, саясаттанушы, дінтанушы сынды мамандарға қоғами маңызды шеберліктің негіздерін менгеруге септесу. Жалпы ілгеріде әрбір кәсіби маманнан теориялық білім дәрежесі сай болумен бірге, сол ғылым қағидаларын шәкірт атаялыға, тыңдаушыға жеткізер икем-дағды қажеттілігі, яғни, шешен сөйлеу мәдениеті де талап етілмек. Маман тілі мәселесі дегеніміз – осы. Ұлы дағында өлкесінде, туған топырағында ана тілінде көпшіліктің қоғамдық шығардай шешендік білік-дағдысы жоқ маманға ойланған жағдайда тұра келеді.

Шешен сөйлеуге баулу мәселесі машиның бағыттың басымдылығымен ерекшеленеді. Бұл курделі шеберлік білім мөлшерінің молдығын қажетсінуімен бірге өзіндік жеке тәжірибелер негізіндегі икем-дағдылармен де тығыз бірлікте сомдалады. Мәселен, жағада отырып суға тұсушілерді бакылау арқылы суға журуді, малтуды үйрене алмайтынымыз сияқты, үнемі жүргізілетін тәжірибелер мен жаттығуларсыз шешендік дағдыларды бойға бойлату, денеге дарыту мүмкін емес. Дұшпандары «адуын аңға» балаған Демосфеннің өзі алғашында аузына қырышық тас салып сөйлеп, дауысын жүгіріп жетілдіріп, биік құз жартастарға өрмелуе үстінде өлең оқып шындаған. Орыс халқының риторика ілімінің іргетасын қалаушылардың бірі М.В.Ломоносовтың өзі құз басында тұрып, теніздің асау толқындарымен жарыса өз одаларын оқып, жарыссөзде жеңіске жету жолдарына шынықкан. Қазақтың дүлдүл шешені Жиренше болса өзімен айтысатын жан жокта басындағы бөркін курай басына іліп қойып, сонымен

таласқа түсетіндігі аңыз желісінен мәлім. Қысқасы, әркім мақсатты тұрде тер төге еңбектенсе, нағыз көсліген шешен болатындығын дәлелдей білген.

Шешен болу үшін, тек тұа біткен талант болу керек, яғни, табиғи дарынды сазгер, суретші, ақын сияқты болу керек, ал өзгелердің пешенесіне таңдаулылардың өнеріне тамсану, таңдай қағу ғана жазылған деген ұфым – бүгінгі таңда ақылға сыйымсыз, таяз ойлаудың айғағы. Әріден келе жатқан талас пікірлердің бірі көвшілік қауымға шешендік өнердің даруы я дарымауы мәселесіне осылайша қарсы дау айтуға болар. Талант болып тумадым деп өкінудің қажеті шамалы, таланттар сирек болады, ал өз ісінің майталман шебері болу – әркімнің қолында, тек жатыпшер жалқаулықтан сақтасын де. Халық айтпай ма: «Сейлей-сейлей шешен боларсың» деп. Ғұламалар айтпай ма: «Ақын туа қалыптасады, шешен жүре қалыптасады» деп. Дегенмен, көп көргеннің бәрі көсем, көп сөйлегеннің бәрі шешен еместігі де аян. Кедейлік неден? – деп сұрапты біреу Төле биден. – Кедейлік үш ағайынды. Оның тұнғышы – кежірлік, органшысы – еріншектік, кенжесі – ұйқы. Осы үшеуін бойына үйір қылмаған адам кедей болмайды, - деп жауап беріпті Төле би. Бізге керегі де осы. Тегін түйіндер емес, астарында термен келер тәжірибе жатыр. Демек, шешендіктің өнер делінуінде шарттылық басым. Шындығында, шешендікке әрбір сауатты адам менгере алатында машықтың іс-әрекет жиынтығы тән. Сол себептен де кез-келген маманның толыққанды дәрежесіне сай болуына адамның қабілеті мен ұмтылыс-жүрек қалауының нақты тұрде үлкен рөл атқаратыны табиғи қағида. Шешенді оның ерік-жігерінен тыс тәрбиелеу мүмкін емес. Керек десеніз, ерекше жоғары деңгейдегі қабілет-қарымды да дамыту, өрістете өрбіту, қалыптастыру бағытындағы жүйелі де сатылы іс-әрекеттер жасалмаса, бәрі де бос әурешілік, яғни, керемет қабілет-қарым құмға судай сіңіп, далаға лағады.

*Шешендік өнер – тыңдаушының ақылы мен сезіміне әсер ететін субъективті және объективті құрделі даналық тәлім, шығармашылық қалыптағы қатаң ғылыми түйін де. Кезінде атакты төңкерісшіл кеңес шешендерінің бірінен шешен*

сөйлеу мәдениеті жөнінде оқып үйренуге ден қойдыңыз ба деп сұрағанда: «Иә, сейлей білу техникасы жөнінде көп оқыдым. Негізгі жұмысыма байланысты мінбелерден жиі сейлеу қажеттігіне сәйкесті, мен мұны өте жақсы жүзеге асыруға міндеттімін де. Ал ол үшін тынымсыз тер төге оқып-үйрену қажет-ақ» деген екен. Бұл ретте қазақ ғұламалары Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхтар Әуезов, Жұсіпбек Аймауытов, Құдайберген Жұбанов, Фабит Мұсірепов, Қаныш Сәтбаевтардың шешендік тағылымы өз алдында телегей теңіз. Түйін нұктесі болар пікір – қазақ ғұламаларының шешендік қалыптары іркіліссіз ізденіс үстіндегі шәкірттерге таптырмас толымды тағылым.

Сөзді көвшілікке таратудың, жұртшылықты сендірудің немесе тәрбиелеу құралы ретінде колдануши әрбір маман адам шешендік өнердің ғылыми негіздерімен, яғни, аудитория алдында түсінікті де ұғынықты, сенімді де иланымды қалыпта сөз сейлей білу дағыларын менгере білуі тиіс. Ал шәкірт атаулыны шешен сейлеу мәдениетіне баулу жолындағы міндеттер қатарына көвшілікпен жанды қалыпта сейлесу шеберлігін менгертуді; тілдік қарым-қатынас жасау адам өмірінде кім-кімге де аудай қажеттілігіне саналы қалыпта көз жүгіртуді; шешеннің аудиториямен қарым-қатынасының құрделі үрдісін болашақ маманның көз алдына келтіру, яғни, ойша моделін жасау, осы үрдіске орай ілгеріде іс басында ұшырасар мәселелер шоғырын айқындауды; ауызша шешен сейлеу шеберлігін өз бетімен немесе топтық сабактар арқылы менгерушілерге сала бойынша қажетті кешенді білім, білік және дағды жинақтауға көмектесуді қосамыз.

Шешендіктану негіздеріне баулу ісінің түпкілікті мақсаты туралы айта отырып, біз кәсіби іс-әрекеттегі жетістіктерге жетудің негізгі жағдайы ретінде шәкірттердің іскерлік қатынастағы тәжірибелік дағыларының дамуын есте үстаймыз. Қай кезенде де жоғары дамыған коммуникативтік қабілеттер ерекше бағалануда. Бұған Платонның: «Егер де белгілі бір қаладағы даулы талас туындал жатқан халық жиналысына не кез келген езге де бір жиынға шешен мен емші дәрігер қатар келе қалса, дауды шешер,

## **Абат ҚЫДЫРШАЕВ. Шешендік өнердің қырлары**

таласты тоқтатар бәтуәлі сөз айтуға бұл екеуінің қайсысын қалар еді деп ойлайсыздар. Сесіз сөз өнерін менгерген шешенге жүгінер еді, тек оның ықыласы болса болғаны, ал емші-дәрігерге ешкім назар аудармас еді. Мен бұған кепіл бола аламын» (*Қыдыршаев А.С. Шешен –лектор профессиограммасы.-Орал: БҚМУ баспасы, 2004.-17-б.*), – деуі дәлел. Қазіргі уақытта, нарықтық қатынастардың даму кезеңінде, жас маман жұмыс істейтін орнын бұрынғыдай бөлу бойынша емес, амалсыздан өзі іздеуге мәжбур болған тұста, индивидуумың коммуникативтік дағдыларының дамуы бұрынғыдан да ерекше мәнге ие. Біздіңше, бұл реттегі сөйлеу өнері мен қарым-қатынас өнеріне оқытудың қажеттілігі жөніндегі таза прагматикалық көзқарасты философиялық топшылаумен толықтыруға болады. Жоғары оку орындарының бағдарламасына міндетті *шешендік өнердің* енгізу – болашақ мамандардың гуманитарлық ойлаудың кеңейтудің тағы бір мүмкіндігі. Ал, қазіргі әлеуметтік жағдай ортақ адамзаттық құндылықтарға жауапкершілікті басшылыққа ала отырып, кең тұрғыда гуманитарлық бағытта ойлау, замана ырғағына қарай өндірістің даму занылықтарына сәйкесті кәсіби шығармашылық реттегі іс-әрекеттің құра білу қабілеттілігі қағидасына сай мамандарды талап етеді.

*Риторикалық мәдениет* – шешен сөйлеудің дағдысы. Сөйлеу әрекеттің табиғатын философиялық-дидактикалық тұрғыдан тану риториканы білім мен білік, дағды жинақтайтын ерекше ілім ғана емес, осынын негізінде мәдениеттің тұғырлы құндылықтарына қол жеткізу арқылы риторикалық мәдениет биігіне көтерілу тұрғысында бағалауға жетелейді. Біздіңше, риториканы мәдениет саласында қарастыру риторикалық іс-әрекет мәнінің бұрын-соңды акцент берілмей, елеусіздеу қалып келген жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік туғызады.

Сөйлеу әрекеттің табиғатын философиялық-дидактикалық тұрғыдан тану риториканы білім мен білік, дағды жинақтайтын ерекше ілім ғана емес, осының негізінде мәдениеттің тұғырлы құндылықтарына қол жеткізу арқылы риторикалық мәдениет биігіне көтерілу тұрғысында бағалауға жетелейді. Біздің-

ше, риториканы мәдениет саласында қарастыру риторикалық іс-әрекет мәнінің бұрын-соңды акцент берілмей, елеусіздеу қалып келген жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік туғызады.

*Риторикалық мәдениет тұрасында* сөз козғарда, ең алдымен, көпшілікке ежелден мәлім, бір-бірінен ал-уан интерпретациялық тұрғыда айрымашылығы бар «*мәдениет*» ұғымы туралы тоқтала кеткен жөн. Мәселен, қазіргі таңда адамзаттың мәдениетке қатынасының кең көлемде жүйесі алға тартылуда. Онда мәдениетке қатысты теологиялық көзқарастан марксистік көзқарасқа дейінгі, рационалистікten эмотивистікке дейінгі, технологиялықтан символдыққа дейінгі, жекеліктен субстанциялыққа дейінгі, креативистікten деструктивистікке дейінгі көзқарастар талқыға салынуда. Десек те, нәтижеде мәдениеттанушылар арасында мәдениет туралы ортақ тұжырымның жоқтығы байқалады. Бұған мәдениет тұрасында шамамен бір жүзелу анықтамаңың тіркелуі дәлел. Сондай-ақ, мәдениет ұғымының көп мәнділігі соңғы жылдары жарық көрген мәдениеттің жалпы теориялық мәселелеріне арналған (М.Каган, Л.Коган, Б.Яросов, П.Гуревич) монографиялық зерттеулерде де атап көрсетіледі. Бұған Э.Тейлор, Э.Кассирер, М.Хайдеггер, Г.Францев, З.Файнбург, Э.Маркарян, В.Сагатовский, Н.Чавчавадзе, Л.Кертман, В.Библер, Н.Злобин, Б.Ерасов, В.Келле, М.Мамардашвили, Р.Тшуми, А.Щвейцер, И.Херман, А.Лосев, В.Краус, Л.Митрохин, В.Канке сынды зерттеушілердің тұжырымдарын қосыңыз. Мәдениет тұрасындағы пікірлер шоғыры алуан түйіндер жасауға жетелейді.

*Ендеше мәдениет дегеніміз не?* *Мәдениет дегеніміз* – қоғам мүшесі ретінде адам баласының бойына құрамына білім, өнер, заң, мораль, салт-дәстүрлерге орайлас қабілет, дағдыларды қамти жинақталған кешен; адамның өзіндік еркіндікте көрінуіне бірден-бір әсер етуші тіл, өнер, дін, ғылым іспеттес үдеріс, оның алуан қылышы сатылары; адамзат баласының биік өлшемдерді меже тұтып, оларды зерде сұзгісінен өткізе, жоғарғы құндылықтарға қол жеткізуі; материалдық, рухани құндылықтардың тұтастығы; іс-әрекет технологиясы; адам іс-әрекеттің амалдары; өмір сұру

салтының бағдарламасы; тығыз астаса түйінделген құндылықтар; қоғамның рухани келбеті; мәдениеттердің диалогы; бұрынғы және қазіргі кездегі мәдени құндылықтар ретінде айқындала негізделген адамның шығармашылық іс-әрекеті; әлеуметтік іс-әрекет барысында адамға тән күш-жігердің қалыптасуы мен дамуына бірден-бір септесер іс-шаралар мен амалдардың жүйесі. Мәдениет руханилық өндіріс жүйесі ретінде өз құрамына рухани құндылықтар мен білім-бағдарларды туыннатуды, сактауды және қолдануды қалайды, ал бұнын бәрі қоғам мен адамның рухани әлемінің құрамында камтылмақ. Ендеше *мәдениет* іс-әрекеттің мақсат-міндеттері, ереже-уәждері және қағидаттары қалыптасатын күллі іс-кимылдың рухани өлшемі іспеттес. Демек, мәдениет – адам өмірінің сан алуан қырын қамтамасыз етуші барлық іс-әрекет жүйесінің алғышарты және құрамдас бөлігі сияқты адамзат іс-кимылның рухани компоненті. Мәдениет адамды қалыптастыруши тұрғысында танылмақ, яғни, іс-әрекеттің субъектісін дамыту шарттары; қоғамдық өмірдің түрлі саласындағы адам іс-әрекетінің амалдарын атальыш субъектіні менгеруінің шарттары ретінде көріну; адам іс-әрекетінің барша салалары арқылы өтетін бірден-бір қайталанбас өзек; адамды биқтете отырып, оның өміріне құндылық дарытар құрылым. *Мәдениеттегі бастысы* – материалдық жетістіктер емес, индивидтердің адами биік идеалдарға қол жеткізу; адамды өзіндік табиги шегінен алып шығатын адами дамудың біртұастығы; өзіндік жеке жетілу, өзінді-өзін таныту тұрғысындағы жан-тәнімен жасалған іс-әрекет; адамның рухани тұрғыдан жетілу шарттары ретінде жүйе, адам баласының бірден-бір ұмытылар жарқын да таза, абсолютті идеалды тұрғыдан жетілу. *Мәдениет* – қоғамдық-тарихи дамудың жай ғана үрлеп қойған қорабы емес, қайта оның ішкі жұмыс жасау компоненті және бірден-бір алғышарты, адам өмір сүруінің нағыз сапалық қажеттілігі; адамның шынайылық, әдемілік және ізгілік зандылықтары бойынша өзіне де, өзгелерге де байланысты шығармашылық іс-әрекеті, бағалаушылық қарым-қатынасы.

Қысқасы, «*мәдениет*» турасындағы

түрлі көзқарастарға зер сала қарасақ, жоғарыда түйінделген қағидаттарды бір-біріне мұлдем керегар, келіспестей тұжырымдар деуге келмейді. Зерттеушілердің мәселенің қай аспектісіне акцент беруіне қарап, ұсынылған анықтамаларды жалпылама тұрғыда бірер құрылымдық нұсқаларға топтауға әбден болар еді. Жинақтай айтсақ, *мәдениет дегеніміз* – рухани әрі материалдық тұрғыдағы құндылықтарды туыннату және соған қол жеткізу бағытындағы адамның шығармашылық іс-әрекеті. Нәтижеде адам жеке тұлға ретінде де, сондай-ак ешкімге ұқсамас, қайталанбас индивид ретінде де өзіндік ашылу, толымды тұрғыда қалыптасу, шымырлана беку үрдістерін бастан кешпек. Ал бұлайша өрілген тұжырым мәдениетті феномен ретінде біртұастас ерекше құбылыс тұрғысында түсінуге жетелейді. Мәдениетті осылайша қабылдаудың тағы бір қыры – мәдениеттің тұнғиық мәні адам іс-әрекеті арқылы ғана ашылатын оның философиялық-антропологиялық түсінік ретінде тұжырымдалуы. Яғни, *мәдениет* – адам дамуының, оның жеке тұлға және индивид ретінде өзінше қалыптасуының, оның қабілет-қарымының, білік-дағдыларының ашылуы мен жетіле түсінің тиімді алғышарты.

Мәдениетті философиялық-антропологиялық тұрғыда талдау оны феномен ретінде танудың өзіндік белгілерін (мәдениеттің адамның ішкі жан-дүниесіне тән екендігі, соның негізінде адамның ішкі сарайы айқындалатындығы; мәдениеттің толғаныс актілерінде туындастындығы; диалог үстінде туындалап, жүзеге асатындығы; өте жоғары, биік құндылықтар екендігі; жоғары да биік құндылық ретінде кез келген тәжірибеде көрінетіндігі; өзіндік тылсым құпия мәнге ие екендігі, ал адамдар оларды тану, ашу арқылы дамып, жетілетіндігі) айқындауға мүмкіндік туғызады. Ал мәдениет турасындағы бұл белгілер адам ұғымын біртұастас жүйе қалпында танытады. Адам өзінің біртұастығын мейлінше толық әрі терен тұрғыда тек шығармашылық іс-әрекет үрдісінде ғана, құндылықтарды туыннатуда, нақтылап анықтауда ғана, яғни, мәдениет кеңістігінде ғана ашып көрсете алады.

Мәдениет турасындағы жалпы көзқарастар бізді *шешендейк* өнерге

## Абат ҚЫДЫРШАЕВ. Шешендік өнердің қырлары

қатысты риторикалық мәдениет жөніндегі пайымдауға жетелейді. Риторикалық мәдениет бағалаударлау бағытындағы сөйлеу әрекетін айқынтайтын. Риторикалық мәдениетті өз бойына ұялата білген адам рухани тұлға және айқын да жарқын индивидтік қалыпта көрінбек. Біздіңше, риторикалық мәдениеттің жүзеге асуы қазіргі таңда бірден-бір ерекше мәнге ие. Бұл іспеттес рухани өзін-өзі жетілдірудің материалдық жағын қанағаттандыру мен өндірістің өсү қарқынының адамзат санасында жаңаша көрініс табуы, қоғам мен жеке тұлға турасында берілер әлеуметтік бағаның өзгеруі күн тәртібіндегі риторикалық мәдениеттің қалыптасу ерекшелігін де айқында мақ. Бұл бағыттағы мәселенің оң шешім табуы адамдардың тұрмыстық құндылыктардан рухани құндылыктарға қайта бағдар ұстануы негізіндегі адамзаттың ішкі жан-дүниесінің қайта жаңғыруы жолымен жүзеге аспақ. Демек, қазіргі заманың ғаламдық проблемасы – бұл таза экономикалық, саяси неғылыми проблемалар емес, ең алдымен, адамгершілік-рухани проблемалар. Ал мұндай жағдайда риторикалық мәдениеттің қалыптасуы – біздің пайымдауымызша, адамды өзгертудің, оның рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен ілгері дамып жетілуінің тиімді жолдарының бірегей.

Ал жас тұлғаның бойына риторикалық мәдениетке қатысты білік, дағдыларды қалай жүғысты етпекпіз. Басты жолы – жоғары оқу орындарында, білім беру орталарында шешендіктану (риторика) ғылымын игеру арқылы. Біздіңше, шешендіктану пәнін оқытуды қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдениеті және ұлттық ділімізбен байланысты шынайылыққа, ізгілік пен әдемілікке үмтүлуға бағытталған жас тұлғалардың сөйлей білу білік-дағдыларын, қабілет-қарымын дамытуды көздейтін риториканың кешенді қалыптағы интеграцияланған пән екендігі туралы түсініктен туындана білген дұрыс. Сондай-ақ, риторикалық мәдениетті, риторикалық біліктіліктердің қалыптастыру – бұл тек оқудағы бір ғана бағыт емес, сонымен бірге, өзге де оқыту пәндеріне әсер ету құралы да, интеллектуалдық және эмоциональдық тұрғыда жетіле дамудың тиімділігін қамтамасыз ететін, әлі де

теренірек айтсақ, жас тұлғаның әлеуметтік тұрғыда бейімделуінің тиімді жүруіне бірден-бір қажетті алғышарт та. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында, ұлттық мектептерде шешендіктану пәнін оқытуда риторикалық білімнің негізі ретінде *логос, пафос және этос* үштік тұғырының өзара үйлесе сәйкес келу идеясы да ескерілуі тиіс. Ендеше, шешендіктану тұңғығына терең бойлау, шешендік өнерге баулу жай ғана риторикалық технологияны менгеріп кана қою емес, сондай-ақ бұл – бізге ата-бабамыздан мұра ретінде қалдырылған жоғары адамгершілік тұрғысындағы құндылық ретінде ұлттық риторикалық идеалды танып-білу. Демек, шешендіктануды ұлттық риторикалық идеалдың болінбес болігі ретінде қабылдай білуіміз керек.

Қоғамда сөйлеу мәдениеті проблемасы жетіп артылады. Ал кәсіби маманның риторикалық мәдениеттің қалыптасуында ойланар тұстар да жеткілікті. Жалпы кез келген кәсіби маманның сөзі жүртты үйітып, тыңдаушылардың айызын қандыруы тиіс. Ондай сөзді тыңдай беруден есте ешкім жаһықпасы да айқын. Өкініштісі – көп тұста мамандарымыздың сөзі әсерсіз, нәрсіз келіп, тыңдаушысын мезі етіп жіберетіндігі. Мұның өзі сөздің коммуникативтік сапасы, қысқаша айтқанда, сөз сапасы деген аса күрделі ұғыммен тығыз бірлікте. Ал сөздің коммуникативтік сапасы сөз байлығы, сөз дәлдігі, сөз дұрыстығы, сөз тазалығы, сөз әдебі секілді белгілерімен танылмақ. Мәселен, кәсіби маманның оралымды тіліне қойылар талаптың бірі – сөз байлығының болуы. Сөзі жұтаңың ойы да таяз көрінбек. Соның салдарынан мақсатсыз қайталау да көп болмақ. Орынсыз қайталау тілдің коммуникативтік сапасын күрт төмendetіп, ойды дәл, мазмұнды жеткізуге кедергі болмақ, нәтижеде аз сөзben көп мағына беру қағидаты бұзылары ақиқат. Сөздің коммуникативтік сапасынан туындана өрсек, бүтінгі жас тұлғалардың риторикалық мәдениеттің қалыптастыру бағытында тыңдар құлак, ұғар ұғым болса теренен таратып айтылар тұстар жеткілікті. Ең алдымен мәлімделер түйінді тезис – келешек зиялды қауым сапына енер жастарымыздың бойында шешен сөйлеу дағдылары болуының аса қажеттілігінің өзекті мәселе екендігі.

Ал тарата таразылар болсақ, бүгінгі көшбасшы жастарда қашан да тындаушы қауымға әсер ете сендіре білу дағдысының болуы аbzal. Осы тұрғылас дағдыларды игеру үшін әрбір жас атаулы шешендік өнер қағидаларын білу міндегі. Жарқын да бейнелі, тартымды сөйлей білуге, өзіндік сөйлеу стилін қалыптастыруға, ішкі табиғи қалып, ерекшелік және икемділіктерді ескере келе, өзіндік сенімділікті қоюлатуға ұмтылуы дұрыс. Белгілі бір ой ұшығын тындаушыларға жеткізе отырып, олардың бойында қажетті әсер қалдыру үшін ерік күші, темперамент және тер төге еңбек ету керек-ақ.

Такырыпқа сай шаршы топ алдында сөйлеу жастан да, жасамыстан да психологиялық әзірлік пен алдын-ала жаттығуды талап етері даусыз. Егер де көшбасшы сөйлеуге тиісті такырыбына қатыссыз барлық қам-қарекеттер мен қажетсіз ойлардан арыла білсе, алға қойған мақсатты межеге тез жетері анық. Тек осындай қалыпта ғана ол аудиторияға әсер етіп, көпшілікті өзіндік көзқарасының дұрыстығына иландыра алады. Өкінішке қарай, көпшілік жағдайда жас тұлғалар не айтарын жақсы біле тұрса да, өз ой-түйіндерін тындаушыларына дәл де дөп жеткізе білмейді. Басты себеп, сөйлеушінің іскери әдістемелік жағынан әзірлігінің кемшіндігі, тындаушыларды кабылдау ерекшеліктерімен таныс еместігі, аудиториямен карым-катынас дағдыларын игермегендігі. Біздінше, бұл орайдағы әрбір жас атаулыға қажетті риторикалық мәдениетті бойға жұғысты етуге септесер түйіндерді білу аса маңызды. *Ол қандай түйін-тұжырымдар болмақ? Біріншіден, шешендік туралы әр кездегі тұжырымдардан өзіне қажеттісін ала білуі.* Шешендік кісі көркі, ақылмен билеу өнері; тіл өнері мен сөйлеу мәдениетін ең жоғарғы сатысы; дидарласушымыздың жүргі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый; кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу екендігін; біліктілік пен білімнен, қуатты түйсік пен терен сезімнен, санадағы санлақтық пен ұшқыр киялдан, тер төгу мен ой тербелісінен туындау келе, білгірліктен кейін тұратындығын;

сөз бері ойға негізделетіндігін; биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терен менгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болуымен, ой өрісінің кеңдігімен тамырлас екендігін білгені жөн. Демек, кәсіби маманға қажетті шешендік дегеніміз – тындаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-карым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгі жандардың, ұлағатты әңбектердің тағылым-тәрбиесі, өзіндік дүниетанымының нәтижесі. (*Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе?* (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қагидалары). Оқу құралы.-Орал, 2017.-7-13-бб.).

*Екіншіден, шешен табигаты туралы айқын түсінігінің болуы.* Шешен қашан да карулы жауынгердей сакадай сай қалыпта мәнді де ұлы істерді үздік орындауға және әрдайым жеңіске ұмтылуы; онда диалектикалық тапқырлығы, философтың ойы, ақын тілі, зангердің жады, трагиктің дауысы болуы; дәл де нақты дәлелдермен иландыра білу, тындаушылардың жан дүниесіне өтімді де батымды сөзбен ой сала әсер ету, сондай-ақ судьяның көзін жеткізуден гөрі, оның көнілін көтере руhtандыру маңыздырақ екенін анғару білігінің болуы; шешеннің парызы – шындықты айту, ал ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау екендігін білуі тиіс. Демек, дарынды ділмәр шешен, біздің жағдайымызда, көшбасшы жас тұлға әр нәрсенің мән-мәйегі мен әсемдігін өзіне қайтара алады. «Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса», - дейді Шал ақын. Шынтуайтына келгенде, шешендер айтқан сөзі арқылы адамның ақылына қону жағын ғана көзdemейді, сөздің қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждағат етерін ескеру аbzal. Шешенге орасан сезімталдық, құбылыс атаулыны жанды қалыпта елестете білу аудай қажетті. Ол өз тындаушыларының бойында шалқыған шабыт, дария сезім, атқарылар іске сәйкесті құштарлық ұялатқысы келсе, ең алдымен осыны өз бойынан өткізуі тиіс. Орайлы тұста М.Т.Цицерон шынайы

## Абат ҚЫДЫРШАЕВ. Шешендік өнердің қырлары

шешеннің, тума таланттың халық өмірі мен әдет-ғұрпын, салт-сана дәстүрлеріне мейлінше жетік болуын баса атайды. Шешен шаршы топты өрнекті ойларымен иландырады, оның ұлылығы асқан шабытпен, құлшыныспен, пафоспен өлшенбек. Демек, ол көпшілікті сезінің оттылығымен, жарқылымен, құшімен, көріктілігімен баурап алмақ. Сондай-ақ, шешен елге түсінікті болуы үшін, бүкпесіз ашық болғаны жөн. Ұзын сезіндің қысқасы, *шешен* – тыңдаушылардың рухани дүниесін байытушы, өмірдегі, қоғамдағы алуан түрлі құбылыстарды байыбына жетіп, талдап түсіндіруші, белгілі бір ой-пікірлерді, халықтық мәселелерді жеткізуши, жан сала насхаттайтын үгітші. Бұл орайда ол – алеуметтік-саяси тұлға. (*Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қагидалары*). Оку құралы.-Орал, 2017.-364 б.; Борожов Э. Энциклопедия афоризмов. М.: Мысль. 2003. – 686 с.; Душенко К.В. Большая книга афоризмов. М.: Мысль. – 2006. – 1056 б.).

*Үшіншіден, шаршы топта сөз бастаудың қыындығын аңгаруы.* Терлеп көрмеген тер қадірін қайдан білсін! Қөшбасшы жас тұлға әр кез «Көш бастау қын емес, қонағын жерде су бар; Кол бастау қын емес, шабатын жерде жау бар; Шаршы топта сөз бастау қын, шешімін таппас дау барлығын»; сөйленер сезіндің «bastamasы», «ұсынбасы», «мазмұндамасы», «қыздырмасы», «корытпасы» боларын білуі тиіс. Данышпан Абай айтпай ма, «сөз танымайтынға сөз айтқанша, өзінді танитын шошқаны баққан жақсы» деп. Демек, өзгеге қаратса сез сөйлеу, шаршы топта сез бастау қайдан оңай болсын. Сөз екшій білу өнері тыңдаушы қауымның жүрек лұпілі мен сана-сезімінің, өз жеке ойымыз бер сезіміз арасында байланыс орната білу білігінен құралмақ. Бұл арада біз адамзат жүргегінің түкпірін жете түсінуіміз, тіпті оның әрбір қалтарысты иірімдерін сезіне де аңғара білуіміз керек, тек сол жағдайда ғана айтылмақ сезіміз өзгені иландырмак. Мәселен, тыңдаушыларымыздың орнына өзімізді коя отырып, таңдаған формамыздың тақырыппен үйлесімділігін, көпшілікті елегізітіп, еліте толғандыра аларлықтай сезім тудыратындығына көзімізді жеткізіп көрелікші. Бұл ретте мүмкіндігінше карапайымдылық пен табиғилық қалып

сақтай отырып, «түймедейді түйедей» етпеуге, мәндінің құнын түсірмеуге ұмтылған дұрыс. Таңдаған сөйлеу формамыз мейлінше айқын да жарқын болғаны, мазмұнға сәйкес келуі және құрамына тек аса қажеттілерді ғана кіріктіргені жөн. Жалпы адам нені жантәнімен сезінсе, ұғынса, соны ғана ол жетер жеріне жеткізіп айта алмақ. Өзі жақсы білмейтін жайды уағыздағанда ғана кісі сөз таппай қалады. Адамды ой жетектей алса, ол анық сөйлемек, ал адам ойын жетектей алса, одан да анық сөйлері анық. Белгілі ойшыл Р.Эмирсонша түйіндеек, адам модадан шығып қалмайтындағы етіп сөйлеп, жазуы үшін, қашан да ақ сөйлеп, адап жазу қажет-ақ. Бұл арада атакты Аристотельдің «Платон – менің досым, алайда ақиқат орны қымбат-ақ» дейтін сезін естен шығармау жөн. Десек те, шешендердің жүйрік ой толғауы тыңдаушылардың талғамына тәуелді. Демек, әрбір қөшбасшы тұлға не айтарын, қашан айтарын және қалай айтарын жете түсініү тиіс. Бұл ретте тыңдаушылардың назарын аудару үшін, қысқалық, ширақ сөйлеу, көнілді сергітетін қыска да нұсқа кайырым-шегіністердің болуы алғы межелі мақсатқа жетуге еселеп жәрдемдеспек. Алғыр шешен күні бұрын тыңдаушылардың ойлары мен көңілкүйін өткір сезінеді. Ол аса сақтықпен сөйлейді, әбден өзіне бағындырып алған соң, олардың сезім-күйлерін билеп әкетпек. Қөшбасшы тұлғаның сөйлеу стилі тартымды да отты болуы тиіс. Ол тыңдаушылардың ынтасын біржола өзіне қаратуы тиіс. Сөйлеушінің әңгімесі оқтын-оқтын шамырқанған шабытпен айтылып, кадау-қадау ой-пікірлерді жаудырып, төгіп, төпелеп жіберуі де кейде артық емес. Ендеше, шешен қырағы, байқампаз болса, аудиторияның шып-шырғасын шығармай уысында ұстары даусыз. Егер де шешен сезі аудиторияға ғаламат әсер ететін болса, онда тыңдаушылардың көздері от шашып, жүздері гүл-гүл жайнап, ықыластанып, жұмсақ жымиып, бастарын изеп, қоштағандай, қолдағандай ым-ишараптар жасайды. Ыстық ықыластын, ізет-ниетін дауыстап та білдіреді. Сөйтіп, шешен мен аудиторияның құлшынысы бірдей оянып, оттай маздалап, бір-бірін жетелеп, қоян-қолтық араласып, туысып кетпек. Қысқасы, жас қөшбасшы шешен ретінде

оны тындаамау, тұсінбеу, онымен келіспеу мүмкін емес болатындағы тұрғыда сөйлеуі дұрыс. (Қыдыраев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Оқу құралы.-Орал, 2017.-364 б.; Шаймерденұлы Е. Қазақ афоризмдері. Алматы, 2008. – 304 б.).

*Төртіншіден, сөз сөйлеуге даярланудың қажеттігі туралы.* Жастар небір өнер, не даналық шынына оларды оқып-үйренбей жету есте мүмкін еместігін; кімде-кім өз сезін алдын-ала дайындаса, сол – халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көшшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немікүрайлы караушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік екендігін есте ұстаганы жөн-ақ.

*Бесіншіден, сөйлеу мәдениеті туралы ойлануы.* Сократ айтады: «Сөйлеп көрініз, мен Сіздің кім екеніңізді айтайын» деп. Демек, жас көшбасылар адамның хайуаннан артықшылығы – тілі, ал оны орынды қолдана алмаған адамның хайуаннан бетерлігін есте ұстап, кез келген сөйленген сөз жанды құбылыс іспеттес, ол бас-аяғы бар дene секілді және де тұтас қеуде тұсы мен аяқ жағы бір-бірімен үйлесімді де сәйкесімді әрі біртұтастықта әрілген болып келуі занды екендігін сезінүі, жақсы сөйлеу жайғана естіртіп жақсы ойлау екенін ескеруі ауадай қажет.

*Алтыншыдан, сөйлеушінің жылы жузді, жылы сөзді бола білуі.* Жастылға әр сөздің айтылуына қарай мың сан мағынасы барлығына үнілуі қажет. Себебі ұстамды да орынды сөйлей білуі ділмарлықтан көп артық. Шынында да, ақылды ақырын сөйлер де, жауабын күтер. Бұл ретте А.П.Чеховтың «Мен өзімді тежеуге үйрендім, өйткені парасатты кісі өзін бетімен жібермеуі тиіс» дегені бар. Сондай-ақ сөйлеушінің сөйлеу сәтіндегі жан-дүниесінің қозғалыстары дene қимылымен ұштасуы тиіс. Бұл ретте: «От сықылды жылы болсын жүзінің бен сезінің» деген Шәкәрім сезі ой салса керек. Ал А.С.Пушкин мағынасыздықтың екі түрін атайды: бірі – сезім мен ойдан жетіміздігінен пайда болар сөздің көптігі, екіншісі – сезім мен ой асып-төгіліп жатса да, оны жеткізер сөздің кемдігі. Сондай-ақ шешен нәзік құбылыстарды қатыл үнмен айтса, не болмаса ынғайсыз әңгімелерді

нәзік дауыспен жеткізе, тындаушысын иландыра алар ма еді.

*Жетіншіден, қысқа да нұсқа сөйлеуге тоғселиуі, тіпті, үндемей қалудың да улкен күш екендігін сезінүі.* Ж.Баласағұни: «Көп сөйлеме, азben келтір иінін, Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін» демей ме. Шын сөз қашан да – нұсқа, жақсы сөз қашан да қысқа болмақ. Көп сөйлеген мылжың шын сөздің аз айтады. Ақылы келте адамның әдетте тілі тым ұзын болады. Ойшыл адам, мүмкіндігіне қарай, көп ойды аз сөзге сыйғызуға тырысып, қысқа сөйлейді. Бүге-шүгесіне дейін түгін қалдырмай айтуда тырысу нәзік сезінуге қабілетті адамды жалықтырып, намысына тиеді. Тілінде тиегі жоқтардың бәрі бөспелер ауылынан. Ең бергісі жалған жымыып, босқа даңғырлайды. Қысқасы, «Аз сөйлер де, көп тындар, Хас асылдың баласы», - деп, Махамбет бабамыз айтқандай, кім-кімге де аз сөйлеп, көп тындаған жөн. Қашан да аз сөйлеген қателеспес, аз жеген ентікпес. Жас атаулы ең қысқа сөздің мағыналы көзқарас екендігіне назар аударуы артық болмас еді. Демек, қазактың Қабдоловына сүйене ой түйсек, «көп біліп, дөп сөйлеген – шешен, аз біліп, көп сөйлеген – мылжың». Ал Исократка сүйенсек, екі жағдайдағанда сөйлеуді қолдайды: бірі – өзінің сөйлер нәрсенді айқын ойланып алғанда, екіншісі – бір нәрсе жайында айтудың аса қажеттілігі туындағанда. Тек осы жағдайлардағанда үндемегеннен сөйлеуді мақұл көрсө, қалған тұстарда сөйлегеннен сөйлемегенді анағұрлым артық санайды. Шал ақын айтпай ма: «Байлауы жок шешеннен, үндемеген есті артық, Бәйге алмаған жүйріктен, белі жуан бесті артық» деп. Иә, көп сөйлеген көп сәтсіздікке де ұшырамак, ендеше сөзге сак болу шешендіктен де асқақ. Өз саласының майталманы А.Ф.Кони мәнді ештеңе айтпағаннан, үндемеуді артық көрсө, білгір Боуви: «Ақылды сөйлеу – қынның қыны, ақыл безбеніне салып үндемей қалу одан да қын», - деп тұжырады. Демек, өзінің тіліне күші жетпеген адамның сезінде шынайы шындық болмасы анық. Ұлы ойшылдарымыздың бірі Анақарыс кейінгіге тілінді, тәбетінді, нәпсінді тыйып ұстай тұрасында ұлағат қалдырган (Қыдыраев А.С. Шешен сөйлей білеміз

## **Абат ҚЫДЫРШАЕВ. Шешендік өнердің қырлары**

---

*бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қагидалары). Оқу құралы.-Орал, 2017.-364 б.; Энциклопедия мудрости. Литературно-художественное издание. Издательство «РООССА», 2007. – 814 б.).*

Демек, қазіргі жас тұлғаларымыз риторикалық мәдениетке қатысты аса қажетті білік, дағдылар – орымен сұрауға, көніл қойып тындауға, байсалды түрде жауап беруге және басқа айттар ештеңесі жоқ кезде сөйлеуді доғаруға үйренгені аbzal. Бұл орайда: «Егер айтпағаныңа бір рет өкінер болсан, үнсіз қалмағаныңа жұз рет өкінерсін», - деген Л.Н.Толстойдың бұған жалғастыра, «адамдар қалай сөйлеуді үйренумен әуре болып жүр, ең басты ғылым қалай және қашан үндемеу керектігін» айтуы ескеруге тұрады. Десек те, есті адам қашан да тілін тыяр-ау, ойымыз тыйылмасын делік. (Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қагидалары). Оқу құралы.-Орал, 2017.-364 б.).

Қысқасы, шешендік – ел келешегі жастардың рухын аспандатар, аскактатар өнер. Ал Ұлы Дағын елінің халықтық рухы орасан. Тек рух сақталса ғана, жастар рухын оята білгенде ғана халық мерейі, абыройы қаз қалпында болмақ. Рух тұнған тұста ғана қалыптасу үстіндегі тұлғаны тұтандырар, ілгерілетер идея да күшті. Демек, бұгінде жастардың рухын еселеп жандандыра, жаңғырта түсер кешенді ойлы істер ауадай қажет. Ал ел болашағы – казак жастарының рухының биіктігі, жоғарылығы – Ұлт Тәуелсіздігі сақталуының бірден-бір айғағы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, шешендік шежіре – рухани байлық көзі. Халқымызға тән шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнті етер болсақ, орасан рухани шапағат, парасат сыйлаймыз. Ал рухы зор, рухани бай ұрпақ – еліміздің сенімді келешегі.

**Абат ҚЫДЫРШАЕВ,**  
педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор,  
Қазақстан Педагогикалық ғылымдар  
академиясының академигі,  
ҚР Журналистер одагының мүшесі